№2, (31), желтоқсан, 2020

25 ИРМ info

РЕПРОДУКТИВТІК МЕДИЦИНА ИНСТИТУТЫ



Директорлар кеңесінің құттықтауы
бет. 4

2020 жылдың жаңалықтары
бет. 5

15 жылдық үміт
бет. 8

Балаларымыздың жетістіктері
бет. 10

ИРМ

Ежедневно Институт Репродуктивной Медицины делает уверенные шаги навстречу новым технологиям, чтобы каждая семья в нашей стране имела возможность стать по-настоящему счастливой и полноценной

Приглашаем женщин принять участие в программе:
“СУРРОГАТНОЕ МАТЕРИНСТВО И ДОНОРСТВО ООЦИТОВ”,
а так же мужчин в программе:
“ДОНОРСТВО СПЕРМЫ”

ТРЕБОВАНИЯ К ДОНОРАМ ООЦИТОВ:

-возраст от 18 до 35 лет;
-наличие собственного здорового ребенка;
-отсутствие выраженных фенотипических проявлений;
-удовлетворительное физическое, психическое и репродуктивное здоровье, подтвержденное заключение медицинской организации



ТРЕБОВАНИЯ СУРРОГАТНЫМ МАМАМ:

-возраст от 20 до 35 лет;
-наличие собственного здорового ребенка;
-отсутствие психических соматических и генетических заболеваний;
-удовлетворительное физическое, психическое и репродуктивное здоровье, подтвержденное заключение медицинской организации



ТРЕБОВАНИЯ К ДОНОРАМ СПЕРМЫ:

-возраст от 18 до 35 лет;
-отсутствие отклонений в нормальных органометрических и фенотипических признаках;
-удовлетворительное физическое, психологическое и репродуктивное здоровье, подтвержденное заключением медицинской организации.



Дополнительную информацию можно получить по телефонам:

050012 г.Алматы,
Толе би, 99
Кабанбай батыра, 226

тел.: +7 727 234 34 34
моб.: +7 771 934 34 34
факс: +7 727 260 12 80

info@irm.kz
irm.almaty
irm.almaty

irm.kz

Барлық қадірлі әрі адал оқырмандарымызды «ИРМ INFO» журналымыздың мерейтойлық және жаңа жылдық парақшаларынан көргенімізге қуаныштымыз!

Осы 2020 жыл Институтымыз үшін қуанышты жыл болса (25 жыл бір рет қана болады!), бүкіл әлем үшін қауіпті жыл болды (COVID індеті көрінбейтін, күшті және түсініксіз вируспен күрестіріп қойып, көптеген жоспарларды бұзып, өмірдің көптеген салаларын қирауға алып келді).

Бірақ өмір тоқтап қалмайды! Алдыңғы қатарлы мамандардың жақында короновируспен күресуде тиімді әдістерді табатынына және көп ұзамай бұрынғы үйреншікті өмір ағымына қайтып оралатынымызға сенеміз.

Бастысы, өзіңе және жақындарыңа қамқор болу және тәуекелге бел бумай, дәрігерлердің барлық ұсынымдарын сақтау!

Осы нөмірде өз бақытына апарар жолдың басында тұрғандарға айтарым бар. Біздің болашақ аналарымыз бен әкелеріміз! Жақында сіздер үшін бәрі өзгереді, сіздер аналық және әкелік бақытқа кенелесіздер, ал ол үшін сенім, үміт, махаббат қажет! Зарыға күткен сәбиге қол жеткізу жолында қандай қиындықтар кездессе де, еңселеріңіз түспесін!

Шешімі бар! Біз репродуктолог дәрігерлер бұған сөзсіз сенеміз және сәтті жұмысымыздың 25 жылы осы фактіні растайды.

Ешнәрсеге қарамастан, дені сау, мықты сәбилерді құрсағында көтерген бақытты аналар да осыны растайды! Дәстүр бойынша осындай оқиғалардың бірін журналымыздың парақшаларында әңгімелеп береміз.

Жаңа жыл сізге керемет көңіл-күй, амандық, өзіңе және өз күшіңе деген сенім сыйласын, және де, әрине, әр үйге ең басты бақыт – ұзақ күткен сәби әкелсін!



Жаңа жыл қарсаңында
не тілесең де,
бәрі болады,
бәрі орындалады дейді!
Ал біз болсақ міндетті түрде көмектесеміз!

Сіздерге сәттілік тілейміз! Денсаулығыңыз жақсы болсын, өзіңізге және жақындарыңызға қамқор болыңыз!

Ізгі тілектермен,
Тамара Мұфтахқызы ЖҮСІБАЛИЕВА,
Репродуктивтік Медицина Институтының директоры

БАС РЕДАКТОР
Тамара Жүсібалиева,
Репродуктивтік медицина институтының директоры

ШЫҒАРУШЫ РЕДАКТОР
Евгения Скалей

ДИЗАЙН, БЕТТЕУ
Кравцева Оксана

МЕНШІК ИЕСІ:
Учреждение «ИРМ»

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:
Алматы, ул. Толе би, 99

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
Юлия Ахмеджанова
(a.juliya@irm.kz) www.irm.kz

«Docu Print» ЖШС
баспаханасында басылған
Алматы қ., прс. Аль-Фараби,
здание 17, и.п. 6б
Тел.: +7 (727) 328 97 43
Таралымы – 2 000 дана

Мерзімдік басылымды есепке қою туралы №14607-Г күәлігі 31.10.14 ж. ҚР байланыс және ақпарат агенттігімен берілген.

Редакция авторлардың ойын арқашанда қолдай бермейді. Жарнаманың мазмұны үшін жарнама берушілер жауапты. Жарнама берушілер ҚР ДМ тіркелмеген, рұқсат етілмеген дәрілік құралдарды және медициналық мақсаттағы бұйымдардың жарнамасы үшін жауапкершілік туралы ескертілген. Материалдарды қайта басып шығарғанда “ИРМ INFO” сілтеме жасау міндетті.

ҚҰРМЕТТІ ДОСТАР!

Репродуктивтік медицина институтын және оның тұрақты директоры, керемет ұйымдастырушы, қоғам қайраткері Тамара Мұфтахқызы Жүсібалиеваны Қазақстандағы алғашқы ЭКО-клиниканың ашылуына 25 жыл толу мерейтойымен шын жүректен құттықтауға рұқсат етіңіздер!

Бұл мереке бәрімізге – дәрігерлерге, медициналық қызметкерлерге, серіктестерге, және де, әрине, мерейтойымыздың басты кейіпкерлері – пациенттерімізге ортақ!

25 жылдық жұмыс барысында кішкентай зертхана мен жеті-он энтузиаст-дәрігерден үлкен емдеу мекемесі – Қазақстандағы жалғыз Репродуктивтік медицина институты өсіп шықты, мұнда әлемнің көптеген елдерінен пациенттер келеді. Себебі, осы жерде сапа мен кәсіпқойлық жоғары деңгейде екеніне олар сенімді! Себебі, сенім мен бедел – күшті әрі ұйымшыл команданың нәтижесі! Себебі, компанияның дамуындағы тұрақты прогресс ең жоғары бақытқа – ата-ана атану бақытына бағытталған, дұрыс таңдалған стратегияның нық сенімді растамасы болып табылады!

Бірлескен мақсаттар мен міндеттер, іс-шаралар мен дәстүрлер Институтымыздың маңызды миссиясы — Қазақстанда сапалы әрі тиімді репродуктивтік көмекті қамтамасыз етуді табысты іске асыру үшін көмектеседі.

Репродуктивтік медицина институтының жетістіктері мен табыстары – жоғары кәсіпқойлықтың, жауапкершілік пен ұжымның еңбекқорлығының, оның басшыларының біліктілігі мен тәжірибесінің нәтижесі.

Біз жұмыстың айқындығы мен жылдамдығына, жоғары сапалы қызмет көрсетілетініне және Институт пен оның филиалдарының барлық қызметкерлерінің жоғары деңгейлі кәсіпқойлығына әрдайым сенімді бола аламыз.

Біздің жүректен шыққан құттықтауларымызды қабыл алыңыздар! Жаңа жоспарларыңыздың, қызықты жобаларыңыздың жүзеге асуына және өркендей беруіңізге шын жүректен тілектеспіз! Денсаулық, бақыт, амандық, өзара түсіністік пен ұжымның қолдауын тілейміз!

Сіздің игі еңбегіңізге деген үлкен құрметпен,

Директорлар кеңесі









ШЫМКЕНТТЕ РМИ ФИЛИАЛЫ АШЫЛДЫ

2020 жылғы бесінші наурызда Репродуктивтік медицина институтының қатары толықты!

Осы күні қуанышты жағдай орын алды – еліміздің ірі мегаполисінде «РМИ-Шымкент» клиника-филиалы ашылды.

Жаңа Клиникаға Шымкент қаласының әкімі Мұрат Әйтенов жұмыс бабымен кіріп шықты.

Жаңа медициналық мекемеде ерлер мен әйелдерге арналған емдеу қызметтерінің бүкіл ауқымы көрсетілетін болады. Мұнда ЭКО клиникасы, генетикалық зертхана, әйелдер кеңесі, жедел гинекологиялық және лапароскопиялық көмек орталығы, урология және андрология бөлімшесі жұмыс істейді. Оған қоса, орталықта Оңтүстік Қазақстан медицина академиясының студенттері үшін оқу базасы орналасқан.

Бір ауысымда мамандар 250 пациентті қабылдай алады, ал бір жылда ЭКО бойынша 3000 операция және 2000 лапароскопиялық араласу жоспарлануда.

Шымкентте филиалдың ашылуы – Шымкент тұрғындары ғана үшін емес, еліміздің бүкіл оңтүстік өңірі үшін мемлекеттік маңыздылығы бар және көптен күткен оқиға. Филиал ашылғанға дейін жыл сайын Шымкенттен 500 астам пациент Алматыдағы РМИ-ге емделуге келетін. Алматыдағы Институтқа қазақстандықтардан басқа көрші республикалардан да баласыз ерлі-зайыптылар келетін.

Шымкенттегі филиалдың арқасында репродуктивтік көмек Оңтүстік Қазақстандағы барлық пациенттер үшін қолжетімді болады, сондай-ақ еліміздегі мидицина туризмінің дамуына мүмкіндік жасайтын болады.

Филиалдың жоспары еуропа мамандарының тәжірибесін ескере отырып және әлемдік сапа стандарттарына сәйкес жасалғанын айта кеткіміз келеді. Жаңа филиалдың маңызды ерекшелігі Орталықтың дәл ортасында орналасқан: операциялық блок пен жаңа өмір пайда болатын эмбриологиялық зертхананың зарарсыздандырылған ауамен қамтамасыз етіліп, таза бөлме түрінде жасалуы – емдеудің тиімділігін бірнеше есе арттырады.

Жаңа клиниканың пациенттері үшін ККТМК және МӘМС аясында квота бойынша лапароскопиялық оталар мен ЭКО бағдарламалары қолжетімді болады.

2020 жыл РМИ үшін торқалы жыл – Қазақстанда алғашқы ЭКО зертханасының ашылғана 25 жыл толды. Осы уақыт аралығында кезінде балалы бола алмаған жанұяларда 15000 бала дүниеге келді. Жаңа филиалдың арқасында бақытты қазақстандықтар саны әлдеқайда көп болады деп үміттенеміз!


ЭНДОСКОПИЯЛЫҚ ГИНЕКОЛОГИЯ БОЙЫНША БЕСІНШІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНГРЕСС ОНЛАЙН ФОРМАТТА ӨТТІ

2020 жылғы 21 – 25 қыркүйек аралығында эндоскопиялық гинекология бойынша Бесінші халықаралық және Бірінші виртуалды конгресс өтті. Іс-шара ұйымдастырушысы Онлайн-алаңда әлемнің әр елінен жетекші гинеколог-эндоскописттер жиналды: Қазақстан, Франция, Италия, Үндістан, Ресей, Украина, Әзірбайжан.

Іс-шара барысында гистероскопия/гистерорезектоскопия, репродуктивті гинекология;
эндометриоз;
пролапс;
онкогинекологиядағы аз инвазивті хирургия;

кіші жамбас мүшелеріне реконструктивтік хирургия сияқты сирек мамандардың көптеген маңызды тақырыптары қарастырылды.

Онлайн-видео режиміндегі Конгресс барысында теориялық тәжірибе алмасудан басқа әртүрлі қалалар мен елдердің хирургиялық операция бөлмелерінен әртүрлі видео-кейстер көрсетілді.









РМИ-ДІҢ 25-ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНЫҢ ҚҰРМЕТІНЕ ҰТЫС ОЙЫНДАР МЕН АКЦИЯЛАР!

Репродуктивтік медицина институтының құрылғанына 25-жыл толу мерейтойымыздың құрметіне біз өз анамнезінде сәтсіз жасалған ЭКО әрекеттері болған РМИ ерлі-зайыптыларының арасында экстракорпоралдық ұрықтандыру жасауға дәрілік препараттарға құны 360 000 теңге болатын сертификаттарды және қайталап жасалатын ЭКО бағдарламалары үшін 25% көлемінде шегерімді ұтысқа салдық.

Көптеген қатысушылардың арасынан Алматы мен Шымкенттен 25 ерлі-зайыптылар жұбы акциямыздың жеңімпаздары атанды. РМИ-дың 16 репродуктологынан тұратын арнайы комиссия 16 – 26 қыркүйек аралығында пациенттерді іріктеп алады. Сосын РМИ клиникасының әкімшілігі бақытты жандарға ұтыс ойынға қатысу үшін купондар берді.

Барлық жеңімпаздарды шын жүректен құттықтаймыз, ал осы жолы бағы жанбаған қатысушылардың қапа болмауын сұраймыз – алда сіздерді басқа да акциялар мен сыйлықтар күтеді! Біздің әлеуметтік желілерімізді қадағалап отырыңыздар!







МЕН ТЕСТ «ЖОЛАҒЫН» КӨРГЕНДЕ ҚУАНУҒА ҚОРЫҚТЫМ, ҚУАНЫШЫМА КӨЗІМ ТИЕДІ ДЕП ҚОРЫҚТЫМ

АЙЖАН ЕРЖАН ЕНДІ КҮТУ ДЕГЕННІҢ НЕ ЕКЕНІН БІЛЕДІ: ҰЗАҚ 15 ЖЫЛ БОЙЫ ӨЗ БАҚЫТЫН КҮТТІ ЖӘНЕ БАЛА ТУУ МҮМКІНДІГІНІҢ ЖОҚТЫҒЫНАН АЖЫРАСЫП КЕТСЕ ДЕ, ӘРТҮРЛІ ЖЕКЕ КЛИНИКАЛАРДА СӘТСІЗ ЕМДЕЛУДЕН ӨТСЕ ДЕ, ЕШ МОЙЫМАДЫ. БҮГІНДЕ, РЕПРОДУКТИВТІК МЕДИЦИНА ИНСТИТУТЫ ДӘРІГЕРЛЕРІНІҢ КҮШ-ЖІГЕРІНІҢ ЖӘНЕ ӨЗІНІҢ ӨТЕ БЕРІК СЕНІМІНІҢ АРҚАСЫНДА ОЛ СҮЙКІМДІ ЕГІЗ ҚЫЗДАРДЫҢ АНАСЫ, ОЛАР ЖАҚЫНДА ӨЗДЕРІНІҢ АЛҒАШҚЫ КІШІГІРІМ МЕРЕЙТОЙЛАРЫН АТАП ӨТЕДІ.

- Айжан, сәбилердің дүниеге қалай келгенін айтып беріңізші. Жолыңызда қандай проблемалар болды? Қанша жыл және қай жерде емделдіңіз?

Осы жылдар бойы кім көмектесіп, қолдау көрсетті?

- Күйеуім екеуміз көпбалалы отбасында дүниеге келдік, біздің отбасымызда балалы болуға қатысты қандай да бір проблема болады деген ойымызға да кіріп шықпапты, біз тіпті «бедеулік» деген диагноздың болатынын да білмептік. 11 жыл бірге отасып, көптеген жеке клиникаларда емделгенімізге қарамастан, толыққанды отбасын құра алмадық.

Ана мен бала институтында тексеруден өткен кезде маған жатыр түтіктерімнің бітеліп қалғанын айтты. Сегіз жылдық әрекетіміз сәтсіз болып шықты, некеміз бұзылды. Әрине, өте ауыр болды, мен өзімді кінәлі санап, бір түрлі, кемтар адамдай сезініп жүрдім, бірақ Жаратқан иеміздің өз жоспары болады екен: бір есік жабылғанда, әрдайым екіншісі ашылады.

- РМИ-ға жүгінуге кім кеңес берді?

- Менің жақын құрбым. Ол өзі де ЭКО-клиникасындағы дәрігерлердің көмегімен егізді болып, маған да РМИ клиникасына баруға кеңес берді. Ол уақытта мен күйеуге шыққанмын, менікі сияқты күйеуімнің де алғашқы некеден балалары болмаған. Бәлкім, бізді ортақ проблемаларымыз байланыстырған шығар, жылдар бойы сәби сүюге үмітіміз басылып, әлсірей бастағанда да тек жақсылыққа сеніп, бір ғажаптың болатынын күтудің не екенін біз өте жақсы білеміз...

Алайда, сеніміміз, туыстарымыз бен жақындарымыздың үнемі қолдау беруі, Институт дәрігерлерінің орасан зор тәжірибесі бізге күш беретін.

Көбі дәрігерді қалай таңдағандарымызды сұрайды. РМИ клиникасындағы дәрігерлердің бәрі – өз ісінің мамандары деп санаймын. Мен пікірлерді оқымай, ешкімнен сұрамай-ақ өзімнің репродуктологым – ЖОЛДАСОВ Рүстем Әшірқариұлына түстім. Жай ғана жақын күндегі

қабылдауға жазылдым және бірінші талпыныстан-ақ бәріне қол жеткіздік! Үлкен жұмыс жасалды, дәрігер өте зейінді, ақ пейілді болды. Ол менің күдіктерімнің, толқуларымның бәрін жақсы түсінді, менің бұрынғы үлкен сәтсіз тәжірибемді біле тұра, мені қолдап, азап шеккен жүрегіме сенім ұялатты, сол үшін де мен оған шексіз ризамын.

Барлық қажетті тексерулер мен емдеулерден кейін біз ата-ана атандық. Біздің зарыға күткен сәбилеріміз ПИКСИ әдісімен (жасанды ұрықтандыру әдісі, бұл жағдайда ең күшті және тіршілікке икемді сперматозоидты анықтау үшін ерлердің жыныс жасушаларын қосымша тестілеу пайдаланылады – прим.ред.) дүниеге келді.

- Тесттен екі жолақты көрген күн есіңізде ме?

- Әрине, мұндай күнді ұмыту мүмкін емес! Тест жасау алдында анам екеуіміз түні бойы ұйықтамадық (эмбриондар беки алды ма, жоқ па деп уайымдадым, ал анамның мен үшін уайымдағаны түсінікті). Таңғы сағат 5-те тест жасадым, міне, көптен күткен 2 жолақ! Сол кездегі жағдайымды сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес, себебі осы уақытқа дейін жасалған көптеген тесттер тек күйініш пен түңілуге әкеп соқтырған...

Мен қуануға қорықтым, өз бақытыма көз тиеді деп қорықтым, себебі оның тыныштықты жақсы көретіні белгілі ғой. Анам екеуіміз өз көзімізге өзіміз сенбей жыладық!

Үйімізге осындай қос қуаныш ұялағанша ұзақ та қиын жолымызда ЭКО бағдарламасының басынан бастап жанымда үнемі еңсемді түсірмей, қолдап келген ата-анамның, құрбыларымның болғанын да айта кеткенім жөн және бүгінге дейін бізге жақындарымыз көмектесіп келеді, оларсыз осының бәріне шамам келмес еді. Осылайша, зарыға күткен қыздарымызды жалынып сұрап алдық! Ата-ана болу — сөзбен айтып жеткізуге болмайтын ғажап сезім. Ешнәрсемен салыстыруға келмейді. Бүкіл әлем астан-кестен болады.

Жүктілік оңай болған жоқ, қыздарым касерь тілігі арқылы туылды, оның бәрін жеңіп шықтық! Жанында жақындарың болғанда, бүкіл қиыншылықты бәрі бірдей бөліп алып көтереді, сонда ауыртпалықтың жүгі жеңіл болып, қиындықтардыі бәрін жеңесің, кейде тіпті сезбей де қаласың. Жалғыз өзіме егіздерді өсіру қиын болар еді. Әлі күнге дейін анам жанымда. Аналар сияқты ешкім де көмектесе алмас! Сондықтан, қыздарымның екі анасы бар дегім келеді! Қыздар жақсы дамып, өсіп келеді, белсенді ойнайды, білуге өте құмар. Құдайға шүкір, денсаулықтарында ешқандай проблема жоқ.

- Тағы да бала сүйгіңіз келе ме?

- Иә, әрине! Клиникада бізді тағы да екі сәби күтіп тұр (мұздатылған эмбриондар)!

- Сәбилі болу жолында ұзақ күткен, бірақ әлі нәтижеге қол жеткізбегендерге қандай кеңес берер едіңіз?

- Мен ана болуды армандап жүрген әр әйелдің жақын арада құрсағына сәби біткенін тілеймін. ЭКО — ерлі-зайыптыларға жаңа өмірге дүние есігін ашып берудің қуанышын сезуге, өздерінің зарыға күткен сәбиін қолдарына алуға көмектесетін керемет технология. Қазақстанда осындай жоғары санатты дәрігерлер жұмыс істейтін Репродуктивтік медицина институтының бары қандай жақсы!

ЭКО-ға баратын қыздарға бүкіл отбасының қолдауы қаншалықты маңызды екенін ескерткім келеді. Жанымда мені түсінетін адамдардың табылғаны – жолымның болғаны, олардың көңілімді мұңды ойлардан басқаға аударуға тырысып, қиын жабырқаған сәттерде бір минутқа да мені жалғыз қалдырмағандары үшін алғысым шексіз. Ұзақ сәтсіз әрекеттер кезінде маған бүкіл әлем күйрегендей және әрдайым осылай болатындай көрінетін. Сәтсіздіктер кезінде өмірдің тоқтап қалмайтынын біле жүріңіздер және қанша ауыр болса да, өзіңді өзің қолға алып, мақсатыңа қарай жүре беру қажет. Міндетті түрде бәрі реттелетініне сеніңіздер, тек шыдамды болу керек!

- Қазір, бір жарым жыл өткен соң, ең толқулы сәттер артта қалғанда, оған бұрылып қарасаңыз, РМИ мамандарының жұмысы туралы не айтар едіңіз?

- Әрине, сіздердің ыждаһаттарыңыз, білімдеріңіз, бар күш-жігерлеріңіз бен кеңестеріңіз үшін, мейірім мен түсініктеріңіз үшін, кәсіпқойлықтарыңыз үшін бүкіл отбасымның атынан үлкен алғыс айтып, бас игім келеді! Сәбилі болуды көптен бері күтіп жүрген отбасыларға бақыт сыйлауды жалғастыра берулеріңізді шын жүректен тілеймін.

Сіздер — керемет дәрігерсіздер, өз ісінің үздік мамандарысыздар және сіздер болмасаңыздар, менің тағдырым әрі қарай не болар еді... Сіздерге шын жүректен алғыс айтамын және шыдамдылық, ұзақ жылдар бойы мінсіз қызмет, сәттілік, бейбітшілік, бақыт пен дендеріңізге саулық тілеймін. Ал, ең бастысы, сіздерге және жақындарыңызға денсаулық тілеймін!

...Бір кездері инстаграмдағы РМИ парақшасынан алғысқа толы пікірлерді оқып, бақытты аналар қатарынан болуды армандап едім. Бірде-бір пікірді жібермеген шығармын! Ал осының өзі мені жетістікке жетеледі. Енді мен де аналар қатарына қосылдым және КҮТУ дегеннің не екенін енді жақсы түсінемін!



БІЗДІҢ ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРЫМЫЗ

ӘЛІ КҮНГЕ ДЕЙІН ҚОҒАМДА «ТҮТІКТЕ» ҰРЫҚТАНҒАН БАЛАЛАР ТАБИҒИ ҰРЫҚТАНУ НӘТИЖЕСІНДЕ ТУҒАН СӘБИЛЕРДЕН ӨЗГЕШЕ БОЛАДЫ ДЕГЕН ПІКІР БАР. БАҚЫТЫМЫЗҒА ОРАЙ, БҰЛ ӘЛДЕҚАШАН ЖОҚҚА ШЫҒАРЫЛҒАН АҢЫЗДАР МЕН ЕСКІРГЕН ДОГМАЛАР.

ЭКО дамыған сәттен бастап ғалымдар жасанды жолмен ұрықтанған балалар туралы деректер статистикасын жүргізіп келеді. Және де осы статистика мынаны растайды: туған кезде ЭКО балаларының табиғи жолмен ұрықтанған құрдастарынан физикалық, психикалық, зияткерлік жағынан да еш өзгешелігі жоқ. Тіпті, кейде, дарындары мен айқын қабілеттерімен асып та түседі!

ЭКО көмегімен туған балалар бедеу болады екен дегенге қатысты да көптеген жалған пікір бар. Осындай аңыз болашақ ата-ананы жиі қорқытады. Осы аңыз да жоққа шығарылды – әлемде және көрші елдерде ЭКО-балалар ата-ана және тіпті, ата-әже аталды. 2019 жылы қазақстан репродуктологиясының тарихында алғаш рет экстракорпоралды ұрықтандыру көмегімен ұрықтанған қазақстандық әйел босанды.

Бұл – Алеся Шин. Ол 1997 жылы 4-ақпанда туылды, институтты жақсы аяқтады, мамандығы – заңгер. Алеся күйеуге шығып, жүктілігін РМИ-да жүргізді.

**ДӘЛЕЛСІЗ БОЛМАУ ҮШІН,
«БІЗДІҢ ДАРЫНДЫ БАЛАЛАР»
АЙДАРЫНДА ОҚЫРМАНДАРҒА ОСЫ ӨМІРГЕ
ҚРТ КӨМЕГІМЕН КЕЛГЕН БАЛАЛАРДЫҢ
ЖЕТІСТІКТЕРІ ТУРАЛЫ АЙТАМЫЗ.
ОЛАРДЫ АТА-АНАСЫ МАҚТАН ЕТЕДІ,
БІЗ МАҚТАН ЕТЕМІЗ ЖӘНЕ БҮКІЛ ЕЛ,
ТІПТІ ӘЛЕМ БОЛЫП МАҚТАН ЕТЕТІН БОЛАДЫ!
БІЗ БҰҒАН СЕНІМДІМІЗ!**



Анна, Софья және Дарья Решто

Үшем қыздар балалық шақтан бастап өз туыстары мен жақындарын жетістіктерімен қуантып келеді. Олар көркем гимнастикамен, жеңіл атлетикамен және волейболмен айналысты, гимнастикадан екінші жасөспірімдік дәрежеге ие, олардың спорттан көптеген кубоктары, марапаттары мен медальдары бар. Қыздар Қазақстан жасөспірімдер құрамасының негізгі құрамында ойнап, құрметті орындарды иеленді.

Қазіргі кезде Даша – Новосибирск сәулет-құрылыс институтының студенті және құрылыс компаниясында тағылымдамадан өтіп жатыр. Аня Санкт-Петербург медицина колледжінің екінші курсында оқиды, ал Софья осы жылы Алматы бизнес-колледжін тәмамдайды.



Игорь, Никита, Мария Самарины

Үшем қыздар балалық шақтан бастап өз туыстары мен жақындарын жетістіктерімен қуантып келеді. Олар көркем гимнастикамен, жеңіл атлетикамен және волейболмен айналысты, гимнастикадан екінші жасөспірімдік дәрежеге ие, олардың спорттан көптеген кубоктары, марапаттары мен медальдары бар. Қыздар Қазақстан жасөспірімдер құрамасының негізгі құрамында ойнап, құрметті орындарды иеленді.

Қазіргі кезде Даша – Новосибирск сәулет-құрылыс институтының студенті және құрылыс компаниясында тағылымдамадан өтіп жатыр. Аня Санкт-Петербург медицина колледжінің екінші курсында оқиды, ал Софья осы жылы Алматы бизнес-колледжін тәмамдайды.

Самвелу және Тиграну Киракосяням

Атты егіздер 14 жаста. Бұл жігіттер жан-жақты дамыған, олар белсенді қоғамдық позицияны ұстанады. Балалар – театр студиясының алдыңғы қатарлы актерлары, мектеп іс-шараларындағы конферансьеде жиі өнер көрсетеді.

Сурет салу мен мүсіндеу конкурстары бойынша Самвелдің жеңісі көп, Тигран «Лезгинка» ансамблінің құрамында халықаралық конкурстарға қатысты. Тинейджерлер ағылшын тілін жақсы біледі, баян тартады, шахмат ойнайды.





Валентин Чен

16 жаста. Жасөспірім Қазақ-Америка университеті жанындағы мектептің 10-сыныбында оқиды. Мектепте геометрия мен ағылшын тілі пәнін сүйіп оқиды.

Валя музыкамен айналысады, фортепианода ойнайды, туыстары мен жақындарын өзі дайындаған пісірмелермен қуантқанды ұнатады. Болашақта дизайнер-архитектор болуды жоспарлайды.

Тамара Уралиева



Қазіргі уақытта Тамара Уралиева 21 жаста. Бесінші және тоғызыншы сыныптар аралығында дарынды қыз №61 физика-математика мектебінде оқыды, сосын ағылшын тілін мінсіз үйренді. Мектепті бітірген соң бірінші айналымнан-ақ Орта Азиядағы Америка университетінің (Бішкек) «Бизнес және әкімшіліктендіру» факультетіне түсті.

Сосын Тамара шетелдік білім алғысы келіп, Манчестер университетінің «Биохимиялық инженерия» факультетінің дайындық курсына түсті. Осы жылы ол Лидс университетінің «Гендік инженерия» факультетінің (Ұлыбритания) бірінші курсын аяқтады.



Алексеевтердің егіз қыздары мен үлкен ұлы

Балалар 25-лицейді үздік аяқтады, сосын Болгария Республикасындағы мектепке оқуға түсіп, оны да үздік аяқтады. Алексеевтер отбасының үлкен ұлы – Кирилл – hi-tech бойынша түрлі олимпиадалардың жеңімпазы, оған Болгариядағы мектеп туы сеніп тапсырылған. Сондай-ақ Кирил өзінің жеке роботын жасап, бағдарламалады! Ол 2019-2020 жылдың үздік түлегі. Қазіргі уақытта – Варна техникалық университетінің студенті.

Аня мен Даша – электротехника және электроника гимназиясының екінші курс студенттері.

**ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР, ОСЫ СИЯҚТЫ ОҚИҒАЛАР БІЗДЕ ӨТЕ КӨП!
ЕГЕР БАЛАЛАРЫҢЫЗДЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ
ТУРАЛЫ АЙТЫП БЕРГІҢІЗ КЕЛСЕ,
РЕДАКЦИЯМЫЗҒА ХАТ ЖАЗЫҢЫЗ! БІЗ ЖУРНАЛЫМЫЗДЫҢ КЕЛЕСІ
НӨМІРЛЕРІНДЕ ОСЫ ТУРАЛЫ МІНДЕТТІ ТҮРДЕ ӘҢГІМЕЛЕП БЕРЕМІЗ.
БАЛАЛАРЫМЫЗ ӨЗДЕРІН ӘЛІ БҮКІЛ ӘЛЕМГЕ ТАНЫТАДЫ,
СЕБЕБІ ОЛАРДЫҢ БОЛАШАҚ ЭЙНШТЕЙНДЕР, ГАГАРИНДЕР,
ПУШКИНДЕР МЕН МЕНДЕЛЕЕВТЕР ЕКЕНІ ЕШ КҮМӘНСІЗ!**